



# **АҚТӨБЕ НЕФТЕПЕРЕРАБОТКА**

**«АҚТӨБЕ МҰНАЙ ӨНДЕУ»  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ  
(«АҚТӨБЕ МҰНАЙ ӨНДЕУ» ЖШС)**

**ҮШІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЕГІНДЕГІ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕГЕН КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ  
БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ**

## **АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

**50 000 (елу мың) дана мөлшерде  
500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеге**

Уәкілетті органның облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға анықтамалықта суреттелген облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс болып табылмайды. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілікті болмайды. Облигациялар шығарылымы анықтамалығының тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы анықтамалықтағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілікті болады және онда көрсетілген барлық ақпараттың шынайы екендігін, инвесторларды Эмитентке және оның облигацияларына қатысты алдамайтындығын растайды.

**Ақтөбе қ., 2015 ж.**

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Ақтөбе мұнай өңдеу» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Ақтөбе мұнай өңдеу» ЖШС, Эмитент) Бірінші облигациялық бағдарламасының анықтамалығына сәйкес жүзеге асырылады.
2. «Ақтөбе мұнай өңдеу» ЖШС облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

<b>Бірінші облигациялық бағдарламаның мемлекеттік тіркелген күні:</b>	Көрсетілмейді, себебі облигациялардың бірінші шығарылымының анықтамалығы уәкілетті органға мемлекеттік тіркеуге бірінші Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының анықтамалығымен бір мезгілде бағытталады.
<b>Шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшамен көрсетілген көлемі:</b>	1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге.
<b>Облигациялар шығарылымының реттік саны:</b>	облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі 3 (үшінші) шығарылым.
<b>Облигациялық бағдарламаның шеңберінде облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер:</b>	Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы уәкілетті органға мемлекеттік тіркеуге жолданды. Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымының көлемі қамтамасыз етілмеген 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге купондық облигациялар. Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымы уәкілетті органға мемлекеттік тіркеуге жолданды. Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының көлемі қамтамасыз етілмеген 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге купондық облигациялар.
<b>Облигациялық бағдарламаның шеңберінде бұрын шығарылған облигациялардың оларды ұстаушыларға беретін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзған кезде жүзеге асырылған және облигацияларды ұстаушылардың осы құқықтарды жүзеге асыру тәртібі көрсетіліп, облигацияларды ұстаушылармен Бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісім-шарттарында көрсетілген құқықтар:</b>	Эмитент бұрын облигациялар шығарған жоқ.

3. Үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі қамтамасыз етілмеген облигациялардың бірінші шығарылымының құрылымы:

1.	<b>Облигациялардың түрі:</b>	Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар.
2.	<b>Шығарылатын облигациялардың саны:</b>	50 000 (елу мың) дана.
	<b>Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:</b>	500 000 000 (бес жүз миллион) теңге.
3.	<b>Облигациялар орналастыра басталатын күн:</b>	Айналымға шыға бастайтын күннен, облигациялар айналымда болатын бүкіл мерзімнің ішінде.

	<b>Облигациялар айналымға шыға бастайтын күн:</b>	«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) бағалы қағаздарының ресми тізіміне кіргізілген күн. Ресми тізімге кіргізу туралы хабарлама Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады.
4.	<b>Бір облигацияның номиналдық құны:</b>	10 000 (он мың) теңге
5.	<b>Облигациялар бойынша сыйақы:</b>	
	Сыйақы мөлшерлемесі:	Сыйақының (купонның) мөлшерлемесі облигацияның бүкіл айналым кезеңіне облигацияның номиналдық құнының 16% (он алты пайызы) жылдық деңгейінде тіркелген.
	Сыйақы төлеудің тәртібі мен шарттары:	<p>Облигациялар бойынша купондық сыйақы олар айналымға шығарылған күннен есептеледі.</p> <p>Облигациялар бойынша купондық сыйақы жылына екі рет, олар айналымға шығарылған күннен әрбір алты ай сайын, өтеу мерзіміне дейін жыл сайын төленеді.</p> <p>Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, ақшаны облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына теңгемен аудару арқылы төленеді.</p> <p>Купондық сыйақы алуға төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күні басталғанға дейінгі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың құқы бар.</p> <p>Купондық сыйақы төлем жасалатын күнге облигацияның номиналдық құны мен купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p> <p>Инвестор Қазақстан Республикасының азаматы емес болған жағдайда, купондық сыйақы ондай инвестордың Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоттары болса, теңгемен төленеді.</p> <p>Инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алынған кезде теңгені Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша өзге валютаға айырбастауға болады. Теңгені өзге валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады.</p>
	Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Эмитент облигациялар бойынша купондық сыйақы есептеуді Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес уақыттық базаны 360/30 (жылына 360 күн / айына 30 күн) деп есептеп жүргізеді.
	Индекстелген облигациялар шығарылған кезде есеп айырысулар тәртібі:	Облигациялар индекстелген емес.
6.	<b>Облигациялардың айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер:</b>	
	Айналым мерзімі:	Облигациялар айналымға шығарыла басталатын күннен 5 (бес) жыл.
	Облигациялардың айналымы:	Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда айналымда болады.
	Облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар айналымға шығарыла басталатын күннен 5 (бес) жыл өткен соң.
	Облигациялар өтелетін орын:	Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Сазды ауылдық округы, 41-разъезд, 401-учаске.

7.	<b>Облигацияларды өтеудің шарттары мен тәртібі:</b>	<p>Облигациялар төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, ақшаны төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күні басталғанға дейінгі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген инвесторлардың банктік шоттарына аудару арқылы, соңғы купондық кезең үшін сыйақы бір мезгілде төленіп, айналым мерзімінің соңында номиналдық құны бойынша теңгемен өтеледі.</p> <p>Инвестор Қазақстан Республикасының азаматы емес болған жағдайда, негізгі қарыз бен соңғы купондық сыйақының сомасы ондай инвестордың Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоттары болса, теңгемен төленеді.</p> <p>Ондай инвестордың инвестордың Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болмаған жағдайда, инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алынған кезде теңгені Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сондай төлем жасалатын күнге белгілеген бағам бойынша өзге валютаға айырбастауға болады. Теңгені өзге валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады.</p>
8.	<b>Облигациялар бойынша қамтамасыз ету:</b>	Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.
9.	<b>Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:</b>	<p>Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі «Астана-Инвест» инвестициялық үйі» Акционерлік қоғамы болып табылады.</p> <p>Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқымен, Бағалы қағаздар рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыруға 2014 ж.02.12-дағы №4.1.1.221 лицензия.</p> <p>Инвестициялық қоржынды ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқынсыз басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға 2014 ж.14.10-дағы №3.1.4.1 лицензия.</p> <p>Алматы қ. Әділет департаментінің Медеу ауданы бойынша Әділет басқармасы 2014 ж.24.06-да берген № 5587-1910-06-АҚ мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.</p> <p>Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к., 32.</p> <p>Тел: +7 (727) 330 70 92, факс: +7 (727) 258 43 41, E-mail: info@investdom.kz</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қызметін көрсету туралы 2015 ж.24.06-дағы №167 келісім-шарт. Басқарма Төрағасы Карягин А.В.</p>
10.	<b>Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне кіргізу және олардың онда болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін ұйым туралы мәліметтер:</b>	<p>«BCC Invest» Акционерлік қоғамы</p> <p>Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқымен, Бағалы қағаздар рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыруға 2006 ж.31.07-дағы №0401201249 лицензия.</p> <p>Инвестициялық қоржынды ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқынсыз басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға 2014 ж.01.07-дағы</p>

		<p>№0403200488 лицензия.</p> <p>Алматы қ. Әділет департаменті 2006 ж.26.06-да берген №56185-1910-АҚ мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.</p> <p>Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қ., Шевченко к., 100.</p> <p>Тел: +7 (727) 244 32 32, факс: +7 (727) 244 32 31</p> <p>Е-mail: info@bcc-invest.kz</p> <p>Андеррайтингтік және қаржылық кеңес беру қызметтерін көрсету туралы 2015 ж. 17.06-дағы № 165 келісім-шарт.</p> <p>Басқарма Төрағасы Каламхатов Н.Б.</p>
11.	<b>Облигацияларды орналасуға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:</b>	<p>«BCC Invest» Акционерлік қоғамы</p> <p>Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқымен, Бағалы қағаздар рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыруға 2006 ж.31.07-дағы №0401201249 лицензия.</p> <p>Инвестициялық қоржынды ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқынсыз басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға 2014 ж.01.07-дағы №0403200488 лицензия.</p> <p>Алматы қ. Әділет департаменті 2006 ж.26.06-да берген №56185-1910-АҚ мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.</p> <p>Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қ., Шевченко к., 100.</p> <p>Тел: +7 (727) 244 32 32, факс: +7 (727) 244 32 31</p> <p>Е-mail: info@bcc-invest.kz</p> <p>Андеррайтингтік және қаржылық кеңес беру қызметтерін көрсету туралы 2015 ж. 17.06-дағы № 165 келісім-шарт.</p> <p>Басқарма Төрағасы Каламхатов Н.Б.</p>
12.	<b>Тіркеуші туралы мәліметтер:</b>	<p>«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» Акционерлік қоғамы</p> <p>Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтбаев к., 30А/3 үй, «Тенгиз тауэрс» ТК аумағында.</p> <p>Тел: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60, ішкі нөмір 230.</p> <p>Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу бойынша қызметтер көрсету туралы 2015 ж. 30.06-дағы № 1902 келісім-шарт.</p> <p>Бірінші басшы – Басқарма Төрағасы Хамитов Б.С.</p>
13.	<b>Төлем агенті туралы мәліметтер:</b>	<p>Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны және облигацияның номиналдық құнын Эмитенттің өзі төлейді.</p>
14.	<b>Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқы:</b>	<p>Барлық облигацияларды ұстаушылардың жазбаша келісімі болса, Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімі бойынша облигациялардың айналымы басталған күннен 1 (бір) жылдан ерте емес мерзімде облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге құқы бар.</p> <p>Облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің</p>

		<p>Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары, мерзімдері және тәртібі көрсетіліп, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлануы тиіс.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу ақшаны Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысы бекіткен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу басталған күннен 10 (он) жұмыс күнінің ішінде, жинақталған соңғы купондық сыйақы бір мезгілде төленіп, облигациялардың номиналдық құны бойынша теңгемен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу кезінде облигациялардың номиналдық құнын және купондық сыйақы алуға облигациялар мерзімінен бұрын өтелетін күннің алдындағы, олардың айналымда болған соңғы күні басталғанға дейінгі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың құқы бар.</p>
15.	<p><b>Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпараттың тәртібін, мерзімдерін және ашу тәсілдерін көрсетіп, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпараттандыру тәртібі:</b></p>	<p>Эмитент облигацияларды ұстаушыларды өзінің қызметі, қаржылық жағдайы және шектеулерді (ковенанттарды) орындауы туралы хабарландыру арқылы, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында, (<a href="http://www.aktoberefinery.kz">www.aktoberefinery.kz</a>), Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдер мен тәртіпке сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) хабарландыру жариялау арқылы ақпараттандырады және оны үнемі жаңартып отырады.</p> <p>Эмитент шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, осы құқық бұзу туралы ақпараттандыру тәртібі осы Облигациялар шығарылымы анықтамалығының «23. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)» тармағында қарастырылған.</p>
16.	<p><b>Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары:</b></p>	<p>Облигацияларды ұстаушылардың келесі құқықтары бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналдық құнын алуға;</li> <li>- Эмитенттен Облигациялар шығарылымының анықтамалығында қарастырылған мерзімдерде облигациялар бойынша купондық сыйақы алуға;</li> <li>- облигацияларды еркін сатуға және өзге түрде иелігінен шығаруға;</li> <li>- өз талаптарының заңнамада және Облигациялар шығарылымының анықтамалығында қарастырылған тәртіпте қанағаттандырылуына;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ақпаратты белгіленген тәртіпте алуға;</li> <li>- өзінің Эмитентке талаптарының Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте қанағаттандырылуына;</li> <li>- облигацияларды иемденуге, пайдалануға және оларға билік жүргізуге;</li> </ul>

	<p><b>Эмитенттен облигацияларды өтеп алуын талап ету құқы:</b></p>	<p>Облигацияларды ұстаушының Облигациялар шығарылымының анықтамалығында қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда Эмитенттен облигацияларды өтеп алуын талап етуге құқы жоқ.</p> <p>Эмитент өзінің міндеттемелерін орындаған және Облигациялар шығарылымының анықтамалығында қарастырылған шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде, осы шығарылымның облигацияларын ұстаушылардың Эмитенттен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқы қарастырылмаған.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың Эмитент осы Облигациялар шығарылымы анықтамалығының « Эмитенттің орналастырылған облигацияларды Қазақстан Республикасының 2003 ж. 2 маусымындағы №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15 және 18-4 баптарында қарастырылған жағдайларда өтеп алу тәртібі» және «Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)» тармақтарында қарастырылған шарттарды бұзған жағдайларда, облигацияларды өтеп алуды талап етуге құқықтары бар.</p>
17.	<p><b>Эмитенттің орналастырылған облигацияларды Қазақстан Республикасының 2003 ж. 2 маусымындағы №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15 және 18-4 баптарында қарастырылған жағдайларда өтеп алу тәртібі:</b></p>	<p>1. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды:</p> <p>1) Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;</p> <p>2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы Эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;</p> <p>3) Эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуі тиіс.</p> <p>Эмитент осы бөлімде көрсетілген оқиғалардың бірі болған күннен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушыларды осындай факт туралы облигацияларды ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы (осы тармақтың 3-тармақшасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.aktoberefinery.kz">www.aktoberefinery.kz</a>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) келесі ақпараттарды қоса, хабарландыру жариялау арқылы ақпараттандырады:</p> <p>- Эмитенттің облигацияларды өтеп алуына алып келетін оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы</p>

		<p>ақпарат;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Эмитентке облигацияларды өтеп алу туралы талап қою тәртібі мен мерзімдерін қоса, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін іс-әрекеттерінің тізімі;</li> <li>- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.</li> </ul> <p>Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, орналастырылған облигацияларды қандай шама көбірек екендігіне байланысты номиналдық құнына сәйкес баға бойынша, не нарықтық адал құны бойынша өтеп алуға міндетті.</p> <p>2. Эмитент облигациялардың айналымда болуының Облигациялар шығарылымының анықтамалығында белгіленген бүкіл мерзімінің ішінде келесі шарттарды сақатуға міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүліктің Эмитент активтерінің иеліктен шығару күніндегі жалпы құнының 25 (жиырма бес) пайызынан артық сомадағы мөлшерін иеліктен шығармау;</li> <li>2) Эмитенттің облигацияларын шығарумен байланысы жоқ міндеттемелердің осы Эмитенттің облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніндегі жалпы құнының 10 (он) пайызынан артық орындалмауына жол бермеу;</li> <li>3) Эмитенттің құрылтайшы құжаттарына Эмитенттің қызметінің негізгі түрлерін өзгерту қарастырылған өзгертулер енгізбеу;</li> <li>4) Эмитенттің ұйымдық-құқықтық формасын өзгертпеу.</li> </ol> <p>3. Листингтік комиссияның айналымы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жоспарланған Облигациялар шығарылымының анықтамалығына инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қосымша шектеулерді (ковенанттарды) енгізу бойынша ұсыныстары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік келісім-шартқа сәйкес жылдық және аралық қаржылық есептілік ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу</li> <li>2) аудиторлық есеп-қисап ұсыну мерзімдерінің бұзылуы аудиторлық компанияның кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік келісім-шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп-қисап ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.</li> </ol> <p>Эмитент осы бөлімнің 2 және 3 тармақтарында қарастырылған шектеулерді бұзған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеп алуды талап етуге құқы бар.</p> <p>Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша, жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигацияларды номиналдық құнына сәйкес баға</p>
--	--	--



бойынша өтеп алуға міндетті (Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 3-тарауының 15-бабының 2-тармағын қараңыз).

Облигацияларды ұстаушының шектеулер (ковенанттар) бұзылған күннен 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ осы Облигациялар шығарылымы анықтамалығының «17. Эмитенттің орналастырылған облигацияларды Қазақстан Республикасының 2003 ж. 2 маусымындағы №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15 және 18-4 баптарында қарастырылған жағдайларда өтеп алу тәртібі» тармағында көрсетілген жағдайларда Эмитенттің мекен-жайына оған тиесілі облигацияларды өтеп алу туралы жазбаша өтініш жолдауға құқы бар.

Облигацияларды ұстаушы өтінішті еркін формада, барлық қажетті деректемелерді көрсетіп беруі тиіс:

- Заңды тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының аталымы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекен-жайы және іс жүзінде орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; өтеп алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі;
- Жеке тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының тегі, аты және егер бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган; тұрғылықты мекен-жайы; телефондары; банктік деректемелері; өтеп алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі.

Эмитент облигацияларды ұстаушының өтінішін алған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде қарайды.

Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімін облигацияларды ұстаушыларға шешім қабылданған күннен 20 (жиырма) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің ресми сайтында ([www.aktoberefinery.kz](http://www.aktoberefinery.kz)) және/немесе Эмитенттің Жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) хабарландыру жариялау арқылы жеткізіледі.

Эмитент облигацияларды Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысының облигацияларды өтеп алудың мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешімі жарияланған соң 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде өтеп алады.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған, сондай-ақ осы Облигациялар шығарылымы анықтамалығының «17. Эмитенттің орналастырылған облигацияларды Қазақстан Республикасының 2003 ж. 2 маусымындағы №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15 және 18-4 баптарында қарастырылған жағдайларда өтеп алу тәртібі» тармағында көрсетілген жағдайларда,

		<p>облигацияларды өтеп алу рәсімі тек облигацияларды ұстаушылар берген өтініштердің негізінде жүргізілетін болады. Облигацияларды өтеп алу туралы өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың Облигациялар шығарылымының осы анықтамалығында көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң оларға тиесілі облигациялардың өтелуіне құқы бар.</p>
18.	<b>Облигацияларды өтеп алу:</b>	<p>Эмитент өз облигацияларын Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес олар айналымда болатын бүкіл мерзімнің ішінде ұйымдастырылған рынокта сатуға және сатып алуға құқылы. Мәміленің мерзімдері мен бағасы мәмілені жасасу сәтінде қалыптасқан рыноктық жағдайларға байланысты анықталады. Ақшаны төлеу және/немесе қайтару қолма-қол ақшасыз, осы облигацияларды сатушының шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды ұйымдастырылған рынокта өтеп алуы өзге облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзбауы тиіс.</p> <p>Ұйымдастырылған рынокта өтеп алынған облигациялар өтелген болып саналмайды, бірақ Эмитент оларды қайта орналастыра алмайды.</p>
19.	<b>Олар болған кезде дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:</b>	<p>Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржылық құралдар бойынша міндеттемелерді орындамау (Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 1-тарауының 1-бабының 1-тармағы). Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт – купондық сыйақыны және/немесе облигацияның номиналдық құнын Облигациялар шығарылымының осы анықтамалығының шарттарында көрсетілген купондық сыйақыны және/немесе облигацияның номиналдық құнын төлеу күні аяқталғаннан кейінгі келесі күннен Эмитенттің кінәсінен төлемеу немесе толық төлемеу.</p> <p>Купондық сыйақы және/немесе облигацияның номиналдық құны Облигациялар шығарылымының осы анықтамалығында көрсетілген мерзімдерде Эмитенттің кінәсінен төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға кешіктірілген әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніндегі (яғни, төлем жасалатын күн аяқталғаннан кейінгі келесі күнгі) ресми мөлшерлемесіне бойынша есептелетін өсім төлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, инвестордың осы облигациялар бойынша қарызды төлеуді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес талап етуге құқы бар.</p> <p>Эмитент өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бермеу мақсатында барлық қажетті шараларды жүзеге асырады және қабылдайды.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт болған кезде Эмитент</p>

		<p>дефолтты туындатқан себептерді жою үшін бар күшін салады, оның ішінде келесі шараларды қабылдайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қалыптасқан жағдайда Эмитенттің өтімділігін тиімді басқару және Эмитенттің міндеттемелерін одан әрі орындауы үшін оның жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету бойынша;</li> <li>2) болған оқиғаға байланысты өзге де шаралар.</li> </ol> <p>Облигациялар бойынша дефолт болған кезде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Егер міндеттемелерді орындамау күшін жеңу мүмкін емес жағдайлардың салдары болып табылатын болса, Эмитент осы анықтамалық бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Олардың болуын алдын ала білу немесе болдырмау мүмкін емес жағдайлар (табиғи апаттар, соғыс қимылдары және т.с.с.) күшін жеңу мүмкін емес жағдайлар болып саналады. Күшін жеңу мүмкін емес жағдайлар туындаған жағдайда, Эмитенттің осы анықтамалық бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар және олардың салдарлары күшінде болған уақытқа тең уақытқа жылжытылады.</p> <p>Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша ортақ жауапкершілікті болатын тұлғалар жоқ.</p>
	<p><b>Эмитент дефолт болған жағдайда қабылдайтын шаралар:</b></p>	<p>Эмитент дефолттан лайықты шығу жолдарын анықтау мақсатымен облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастама жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдерді және орындау мерзімдерін көрсетіп, өзінің облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспарын дайындайды.</p> <p>Эмитент облигациялар бойынша дефолт жағдайында қабылдайын, Эмитенттің төлем қабілетін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған шараларға кез-келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару шаралары, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар кіреді.</p>
	<p><b>Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттары:</b></p>	<p>Облигациялар шығарылымы анықтамалығының купондық сыйақы және/немесе облигацияның номиналдық құнын төлеуге қатысты шарттары бұзылған жағдайда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қатысушылардың Жалпы жиналасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, кредиторлардың келісімімен, оның ішінде облигация оны ұстаушыға</p>

		беретін құқықтарды есепке алына отырып қабылдайды. Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттары облигацияларды ұстаушылардың өкілінің міндетті түрде қатысуымен, облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы талқыланады.
	<b>Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға дефолт фактілері туралы хабарлауының тәртібі, мерзімі және тәсілі</b>	Облигациялардың осы шығарылымы бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға бағалы қағаздар бойынша Облигациялар шығарылымының анықтамалығында көрсетілген міндеттемелерін орындамайтыны туралы міндеттемелерді Облигациялар шығарылымының анықтамалығында белгіленген орындау күнінен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өздігінен хабарлауға міндетті. Эмитент көрсетілген мәліметтерді облигацияларды ұстаушыларға Эмитентке талап қою тәртібін, сондай-ақ Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау үшін қабылдайтын шараларды және Эмитенттің облигацияларды ұстаушылармен өз міндеттемелері бойынша есеп айырысу жоспарлаған күнді қоса, облигациялардың параметрлерін, купондық сыйақы және/немесе облигацияның номиналдық құны төленуі тиіс болған күнді, орындалмаған міндеттемелердің көлемін, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін іс-әрекеттерінің тізімі көрсетіп, Эмитенттің ресми сайтында ( <a href="http://www.aktoberefinery.kz">www.aktoberefinery.kz</a> ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында ( <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> ) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында ( <a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a> ) хабарландыру жариялау арқылы жеткізіледі.
20.	<b>Опциондар туралы ақпарат:</b>	Опциондар қарастырылмаған.
21.	<b>Айырбасталатын облигациялар:</b>	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын облигациялар.
22.	<b>Облигацияларды орналастыру тәсілі:</b>	Облигациялар сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымдағы бүкіл мерзімінің ішінде құнды қағаздардың ұйымдастырылған рыногында орналастырылады.
	<b>Облигацияларды орналастырудың мерзімі мен тәртібі:</b>	Облигациялар шығарылымы айналымда болатын бүкіл мерзімнің ішінде.
	<b>Облигациялар айырбасталатын акцияларға жазылу арқылы орналастырылған кезде айырбастау шарттары көрсетіледі:</b>	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.
	<b>Облигациялар үшін төлем жасау шарттары мен тәртібі:</b>	Облигациялар қолма-қол ақшасыз төленеді. Облигацияларды орналастыру Биржаның сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы жүргізіледі, облигацияларды өтеу сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.
23.	<b>Эмитент қабылдайтын шектеулер</b>	Эмитент Облигациялар шығарылымының

	<p><b>(ковенанттар):</b></p>	<p>анықтамалығында белгіленген облигациялар айналымда болатын бүкіл мерзімнің ішінде келесі шарттарды сақтауға міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүліктің Эмитент активтерінің иеліктен шығару күніндегі жалпы құнының 25 (жиырма бес) пайызынан артық сомадағы мөлшерін иеліктен шығармау;</li> <li>2) Эмитенттің облигацияларын шығарумен байланысы жоқ міндеттемелердің осы Эмитенттің облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніндегі жалпы құнының 10 (он) пайызынан артық орындалмауына жол бермеу;</li> <li>3) Эмитенттің құрылтайшы құжаттарына Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгерту қарастырылған өзгертулер енгізбеу;</li> <li>4) Эмитенттің ұйымдық-құқықтық формасын өзгертпеу;</li> <li>5) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік келісім-шартқа сәйкес жылдық және аралық қаржылық есептілік ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;</li> <li>6) аудиторлық есеп-қисап ұсыну мерзімдерінің бұзылуы аудиторлық компанияның кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік келісім-шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп-қисап ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.</li> </ol> <p>Эмитент жоғарыда көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеп алуды талап етуге құқы бар. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15-бабының 2-тармағында қарастырылған жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигацияларды номиналдық құнына сәйкес баға бойынша өтеп алуға міндетті.</p> <p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушыларға осы құқық бұзу туралы ақпаратты құқық бұзудың пайда болуының себептерін, осы құқық бұзуды жою тәсілі мен мерзімін толық суреттеп, Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.aktoberefinery.kz">www.aktoberefinery.kz</a>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) хабарландыру жариялау арқылы жеткізіледі.</p>
24.	<p><b>Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:</b></p>	<p>Осы шығарылымның облигацияларын орналастырудан алынған қаражатты қарыздар бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға, кредиторлық берешекті өтеуге, Эмитенттің инвестициялық жобаларын қаржыландыруға, сондай-ақ айналым қаражатын толтыруға бағыттау жоспарлануда.</p> <p>Алынған қаражатты бөлудің жоспарын өзгерту мүмкін</p>

жағдайлар болған кезде Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Облигациялар шығарылымының анықтамалығына тиісті өзгертулер енгізетін болады.

Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңі үшін көрсетілген сыйақылар төлеу және негізгі қарызды өтеу үшін қажетті ақша қаражаттарының көздері мен ағындарының болжамы келесі бетте берілген.

Облигациялардың үшінші шығарылымын номиналдық құны бойынша өтеу қызмет түрлерінен түскен пайданы және амортизациялық аударымдардың сомаларын қоса, Эмитенттің меншікті қаражатының есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитент әрбір кезең бойынша түсімдердің сомасы облигациялардың әрбір шығарылымының айналымда болу мерзімінің соңында купондық сыйақыны және негізгі қарызды өтеу үшін жеткілікті болады деп санайды.

Бас директор



Тасмағамбетов І. Қ.

Бас бухгалтердің  
міндетін атқарушы



Басығараева Г. К.

**Пайдалар және залалдар туралы есептің болжамы (мың теңге)**

Аталымы	2015	2016		2017		2018		2019		2020	
	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық
Сатудан түсім	2 803 682	3 723 795	3 723 795	3 726 943	3 726 943	3 730 392	3 730 392	3 734 319	3 734 319	3 737 967	3 737 967
Процессингтен табыс	563 843	991 768	991 768	991 768	991 768	991 768	991 768	991 768	991 768	991 768	991 768
Мұнайды компаундирлеуден және өңдеуден табыс	2 181 209	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187	2 670 187
Резервуарларды жалға беруден табыс	58 630	61 840	61 840	64 989	64 989	68 437	68 437	72 364	72 364	76 013	76 013
Сатудың өзіндік құнының барлығы, амортизациясыз	1 928 749	2 363 550	2 363 550	2 374 389	2 374 389	2 384 266	2 386 266	2 399 676	2 399 676	2 412 162	2 412 162
Жалпы пайда	874 933	1 360 245	1 360 245	1 352 554	1 352 554	1 344 126	1 334 126	1 334 643	1 334 643	1 325 805	1 325 805
<i>Жалпы пайда бойынша маржа</i>	31%	37 %		36%		36%		36%		35%	
Жалпы әкімшілік шығындар	157 540	214 933	214 933	225 578	225 578	237 235	237 235	250 512	250 512	262 846	262 846
Сату бойынша шығыстар	201 445	214 090	214 090	224 990	224 990	236 928	236 928	250 524	250 524	263 155	263 155
<b>Пайыздарды, салықтарды және амортизацияны төлеуге дейінгі операциялық пайда (ЕБИТДА)</b>	<b>515 948</b>	<b>931 222</b>	<b>931 222</b>	<b>901 987</b>	<b>901 987</b>	<b>869 962</b>	<b>869 962</b>	<b>833 607</b>	<b>833 607</b>	<b>799 804</b>	<b>799 804</b>
<i>ЕБИТДА бойынша маржа</i>	18%	25%		24%		23%		22%		21%	
Амортизациялық аударымдар	115 982	132 047	132 047	146 707	146 707	131 428	131 428	144 370	144 370	160 870	160 870
<b>Пайыздарды, салықтарды төлеуге дейінгі пайда (ЕБИТ)</b>	<b>399 966</b>	<b>799 175</b>	<b>799 175</b>	<b>755 280</b>	<b>755 280</b>	<b>738 534</b>	<b>738 534</b>	<b>689 237</b>	<b>689 237</b>	<b>638 934</b>	<b>638 934</b>
Купондарды төлеу	-	120 000	120 000	120 000	120 000	120 000	120 000	80 000	80 000	40 000	40 000
Пайыздарды төлеу	23 766	3 344	3 344	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>Салықтарды төлеуге дейінгі пайда (ЕВТ)</b>	<b>376 200</b>	<b>675 831</b>	<b>675 831</b>	<b>635 280</b>	<b>635 280</b>	<b>618 534</b>	<b>618 534</b>	<b>609 237</b>	<b>609 237</b>	<b>598 934</b>	<b>598 934</b>
Салықтарды төлеу	64 508	135 166	135 166	127 056	127 056	123 707	123 707	121 847	121 847	119 787	119 787
<b>Таза пайда</b>	<b>311 693</b>	<b>540 664</b>	<b>540 664</b>	<b>508 224</b>	<b>508 224</b>	<b>494 827</b>	<b>494 827</b>	<b>487 390</b>	<b>487 390</b>	<b>479 147</b>	<b>479 147</b>
<i>Таза пайда бойынша маржа</i>	11%	15%		14%		13%		13%		13%	

**Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің болжамы (мың теңге)**

Аталымы	2015	2016		2017		2018		2019		2020	
	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	1-жарты жылдық	2-жарты жылдық
<b>Ақшалай қаражат және олардың баламалары</b>	<b>22094</b>	<b>1539 472</b>	<b>2 026 480</b>	<b>2 513 488</b>	<b>3 059 475</b>	<b>3 605 461</b>	<b>4 122 873</b>	<b>4 140 285</b>	<b>4 663 359</b>	<b>4 686 432</b>	<b>5 217 670</b>
<b>Операциялық қызметтен ақша ағындары</b>	<b>326 412</b>	<b>633 561</b>	<b>633 561</b>	<b>655 987</b>	<b>655 987</b>	<b>627 412</b>	<b>627 412</b>	<b>633 073</b>	<b>633 073</b>	<b>641 239</b>	<b>641 239</b>
Таза пайда	311 693	540 664	540 664	508 224	508 224	494 827	494 827	487 390	487 390	479 147	479 147
Амортизациялық аударымдар	115 982	132 047	132 047	146 707	146 707	131 428	131 428	144 370	144 370	160 870	160 870
Айнылым капиталындағы өзгерістер	101 262	39150	39150	(1 056)	(1 056)	(1 157)	(1 157)	(1 314)	(1 314)	(1 221)	(1 221)
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>	<b>-110 000</b>
Инвестициялық қызметтен түсімдер	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Капиталдық шығындар	110 000	110 000	110 000	110 000	110 000	110 000	110 000	110 000	110000	110000	110000
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағындары</b>	<b>1 300 966</b>	<b>(36 553)</b>	<b>(36 553)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(500 000)</b>	<b>-</b>	<b>(500 000)</b>	<b>-</b>	<b>(500 000)</b>
Облигацияларды орналастырудан түсімдер	1 500 000	-	-	-	-	-	-	500 000	-	-	500 000
Облигацияларды өтеу	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Ағымдағы міндеттемелер бойынша негізгі қарызды төлеу	199 034	36 553	36 553	36 553	-	-	-	-	-	-	-
<b>Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат</b>	<b>1 539 472</b>	<b>2 026 480</b>	<b>2 513 488</b>	<b>3 059 475</b>	<b>3 605 461</b>	<b>4 122 873</b>	<b>4 140 285</b>	<b>4 663 359</b>	<b>4 686 432</b>	<b>5 217 670</b>	<b>5 248 909</b>



Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдар Кодексіне сәйкес  
ТІРКЕДІ  
2015 ж. « 04 сәуір »

Прошифровано и  
проинформировано на  
*В. Ибрагимов*

листах

Генеральный директор

*Н. Сидиков*

